KIMEP
UNIVERSITY




# **КИМЭП УНИВЕРСИТЕТІ:**
# ЖАҺАНДЫҚ МҮМКІНДІКТЕРГЕ СЕНІҢ ЖОЛДАМАҢ

# НЕЛІКТЕН КИМЭП?



**Диара Қабыл,**
**2 курс студенті,**
**мамандығы - маркетинг**

Университет қауымдастығы мен кампустағы студенттік өмірі үшін КИМЭП-ті ерекше ұнатамын. Мұнда әрдайым өмір қыз-қыз қайнап жатады: сан-алуан шаралар, студенттік клубтар, жаңа таныстар және даму шексіз мүмкіндіктері. Университеттегі шабыт атмосферасы әр күнімді жаңа әсерлер мен мүмкіндіктермен толықтырады



**Әмір Дарханбаев,**
**3 курс студенті,**
**мамандығы - құқықтану**

КИМЭП Қазақстандағы үздік университеті болғандықтан мен оны таңдадым. Біріншіден, мұнда көбісі шетелден келген біліктілігі жоғары оқытушылар. Екіншіден, пән таңдау және жеке сабақ кестесін өз бетімізше еркін құрастыруға мүмкіндік бар. Үшіншіден, КИМЭП халықаралық алмасу бағдарламаларына қатысуға кең мүмкіндіктер береді



**Рената Куюнова, 2 курс студенті,**
**мамандығы - халықаралық қатынастар**

Біздің университетті жақсы көрудің бірнеше себебі бар: оқытушылар құрамы, қызметкерлер, білім беру талаптары, сабақ кестесі, т.б. Бірақ, мен үшін ең қымбаты – бұл еркіндік пен университетте араласатын ортамыз. Сені қоршаған курстастарың қандай да болмасын айырмашылықтарына қарамастан аса мейірімді және қол ұшын беруге әрдайым дайын



**Элина Малковская,**
**4 курс студенті,**
**мамандығы - журналистика**

Біріншіден, бұл алдыңғы қатарлы жергілікті және халықаралық сарапшылардан білім алу мүмкіндігі. Екіншіден, жаңа достар табуға, байланыс орнатуға, өзіңізді танытуға және жұмысқа орналасу кезінде баға жетпес дағдыларды дамытуға болатын көптеген ұйымдары бар белсенді студенттік өмір. Соңғысы – бұл нағыз отбасы сияқты сезінетін және өмір бойы өшпес естеліктер қалдыратын тату қауымдастық



**Дана Ілиясова,**
**4 курс студенті,**
**мамандығы - маркетинг**

КИМЭП студенттері - өте дарынды және өршіл. Сонымен қатар, көптеген түлектері - өз саласының көшбасшылары, сондықтан да мен де олардың бірі болғым келді



# 30 ЖЫЛ БОЙЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ

**КИМЭП Университеті – Орталық Азиядағы жетекші инновациялық университеті, оның басты ерекшеліктерінің бірі оқытудың озық әдістері мен ғылыми зерттеулерін пайдалана отырып, білім берудегі жетістіктерге ұмтылу болып табылады.**

## НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН ЕРЕКШЕ КИМЭП МӘДЕНИЕТІ

- **Шыншылдық**
- **Тұтастық**
- **Ашықтық**
- **Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік**

*Бұл құндылықтар КИМЭП-те білім берудің барлық аспектілеріне еніп, көшбасшылардың келесі ұрпағын қалыптастырады*

## ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ДЕҢГЕЙДЕГІ ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ

**86%-ы**

жетекші халықаралық университеттердің, соның ішінде КИМЭП университетінің, ғылыми дәрежелері бар

студент-оқытушылар құрамының арақатынасы

**19:1**

оқу үдерісіне жеке көзқарас пен қатысуды қамтамасыз ете отырып, оқу үшін бірегей атмосфера жасайды, бұл түптеп келгенде академиялық табыстың кілті болып табылады

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР МЕН МҮМКІНДІКТЕР

37 елдегі

**190-нан**

астам серіктес университеттер

Студенттердің

**13%-ы**

шетелдік студенттер

Жыл сайын

**100-ден**

астам студенттер академиялық алмасу бағдарламаларына қатысады

КИМЭП жыл сайын серіктес оқу орындарынан

**50-ден**

астам халықаралық студенттерін қабылдайды

FIBAA IQAA EFMD ACCREDITED

## АКАДЕМИЯЛЫҚ ИКЕМДІЛІК ПЕН ТАҢДАУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

- Бір уақытта бірнеше мамандану алу мүмкіндігі (негізгі және қосымша мамандану)
- Студенттер сабақ кестелерін академиялық тәлімгермен кеңесе отырып өз бетінше жасайды

## ЕҢ ЖОҒАРЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ САПА

- Бағдарламалардың ұлттық және халықаралық деңгейде аккредиттелуі
- Ағылшын тілінде оқыту
- Сыни тұрғыдан ойлауға және интерактивті оқытуға, тәжірибеге қатты назар аудару
- Шығармашылық қабілетін, қарым-қатынас дағдыларды, ынтымақтастықты және бейімделуді дамыту үнемі өзгеріп отыратын еңбек нарығында бітірушілер үшін табысты мансаптың кілті болып табылады

## МАНСАБЫҢДЫ СЕНІММЕН БАСТА

Түлектердің

**93%-ы**

оқу орнын бітіргеннен кейін үш ай ішінде жұмысқа орналасады

Студенттердің

**100%-ы**

оқу бағдарламасының аясында тағылымдамадан өтеді

Студенттердің

**53.6%-ы**

тағылымдамадан өту немесе аяқталғаннан кейін, осы маңызды кезеңде бірден алынған дағдыларының арқасында, көп ұзамай жұмыс ұсыныстар алады






# ӨМІР БОЙЫНА ЖЕЛІЛІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

**КИМЭП Университетінде сіз жай ғана диплом алып қана қоймай – өз болашағын ғана емес, сонымен бірге қоғамның болашағын қалыптастыратын 15 000-ға жуық түлектерден тұратын өркендеп келе жатқан әлемдік қауымдастықтың бір бөлігі боласыз.**

КИМЭП студенті бола тұра, сіз **Қазақстан Ұлттық Банкі** сияқты, үкіметте немесе **McKinsey**, **KPMG**, **PwC**, **Procter & Gamble** және **Western Union**, т.б. сияқты жоғары деңгейдегі халықаралық компаниялардың түрлі саладағы ерекше көшбасшылар мен инноваторлар желісіне қосыласыз.

КИМЭП-тегі оқуыңыз сізге өмір бойы қолдау көрсететін құнды байланыстар мен мүмкіндіктерді ұсына отырып, ұзақ мерзімді мансаптық жетістіктің негізін қалайтын болады.



KIMEP Case Club



KIMEP Voice

# СТУДЕНТТЕРГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ОРТА

Университетте студенттерді шешім қабылдау процесіне белсенді тартатын бірегей басқару жүйесі бар. Бұл тәуелсіз студенттік үкімет және университет өміріне қатысты маңызды шешімдерді қабылдайтын барлық комитеттерде міндетті студенттік мүшелік арқылы қол жеткізіледі. Осылайша, университет студенттердің оқуда ғана емес, өмірде де көшбасшы болуына мүмкіндік беріп, жан-жақты дамуына жағдай жасайды.

Барлық студенттер Университет кампусындағы және Алматыдағы оқиғаларды белсенді түрде жариялайтын **The KIMEP Voice** студенттік басылымына қосылу арқылы, әңгімелеу және коммуникация дағдыларын жетілдірудің бірегей мүмкіндігіне ие. The KIMEP Voice университет қауымдастығын маңызды оқиғалар мен жаңалықтар туралы хабардар етіп қана қоймай, сонымен қатар, студенттерді университеттің белсенді өміріне тартады.

**KELT** (KIMEP English Language Theatre) - 2001 жылы құрылған университеттегі ең көне және жоғары деңгейдегі студенттік ұйымдарының бірі болып табылады. Ол жиырма жылдан астам уақыт бойы студенттерге өздерінің шығармашылық әлеуетін ашуға және достық атмосферада актерлік шеберлікті дамытуға бірегей мүмкіндік бере отырып,аудиторияны ағылшын тілінде кәсіби театрландырылған қойылымдармен қуантып келеді.

Студенттер спорттық жарыстарға қатысу арқылы спорттық ынтасы мен командалық рухын да дамытады. Университетте **сегіз спорттық команда** бар, олардың әрқайсысы студенттерге өздерінің физикалық қабілеттерін көрсетіп қана қоймай, команда болып жұмыс істеуге, бір-бірін қолдауға және ортақ мақсаттарға жетуге үйренуге мүмкіндік береді. Университет дене шынықтыру дайындығын жақсартуға ғана емес, сонымен қатар тәртіпке, спорттық шеберлікке және төзімділікке тәрбиелеуге көмектесетін **әр түрлі дене шынықтыру курстарын** студенттерге ұсынады.

Студенттердің кәсіби өсу мен көшбасшылықты дамытуға кең көкжиектер ашатын мансапты бастамас бұрын бизнес және консалтинг әлеміне енуге бірегей мүмкіндігі бар. **KIMEP Case Club** - нақты іскерлік мәселелерді шешуге арналған тамаша платформа бола тура, теориялық білімді тәжірибеде қолданумен қатар команда болып жұмыс істеудің құнды тәжірибесін алуға мүмкіндік береді.



KELT

**35-тен** асa студенттік ұйымдардың белсенділігімен кампуста жарқын қызықты атмосфера орнаған



KIMEP Football Team

# ОҚУҒА ТҮСУ

КИМЭП Университеті оқуға түсу өтініштерді жыл бойына қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде немесе осы тілдерде куәландырылған аудармаларымен құжаттар қабылдайды. Талапкер Порталы тәулігіне 24 сағат, жылына 365 күн қолжетімді

Университетке қабылдау ережелері туралы толық ақпаратты мына жерден табуға болады:

**Біздің байланыс ақпаратымыз:**
КИМЭП Университеті, 050010, Қазақстан, Алматы қаласы,
Абай даңғылы 4, 103, 103А, 107 офистері
Тел: +7 (727) 270 42 13
WhatsApp: +7 707 170 42 13
Электрондық мекен-жайымыз: uao@kimep.kz
Жұмыс уақыты: дүйсенбі - жұма (09:00-ден 18:00-ға дейін)

# КИМЭП УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТТЕРІНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУ

КИМЭП Университетіндегі әрбір төртінші студент грант немесе басқа қаржылық қолдау түріне ие.

КИМЭП Университеті сыртқы демеушілермен және серіктестермен бірлесе отырып, студенттерге қаржылық қолдау көрсету үшін қомақты қаражат бөледі. Қаржылық қолдау оқу ақысын толық немесе ішінара қамтитын гранттар түрінде көрсетіледі.

Бұл мүмкіндіктер бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламаларында оқитын жергілікті және халықаралық студенттерге қол жетімді.

Қаржылық қолдау оқу жетістіктерін ынталандыруға және ерекше жетістіктерге жетуге, оның ішінде мектептен тыс іс-шараларға белсенді қатысуға бағытталған. Осы мүмкіндіктердің арқасында студенттер қаржылық жүктемелерін азайтып, оқуына және жеке дамуына көңіл бөле алады.












# ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ДЕҢГЕЙДЕГІ КИМЭП ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ

**Оқытушылар құрамының 86%-ы жетекші халықаралық университеттердің, соның ішінде КИМЭП университетінің, ғылыми дәрежелеріне ие**



"Университет КИМЭП – бірегей орын. Бұл университетте қызмет ету мен үшін маңызды миссияны орындау, Қазақстанға, Орталық Азияға және әлемге қызмет ету мүмкіндігі. Оқытушы ретінде, студенттерімізді ең қиын мәселелерді шешуге үйрету арқылы, әлемге әсер етуге ұмтыламын. Мен КИМЭП-ті әлемдік қоғамдастыққа қызмет етуші ұйым ретінде қарастырамын, себебі студенттері осындай қиын мәселелерді шешуге дайын ерекше кездесетін студенттер болғандықтан."

**Д-р Майкл Блэйзи,**
Декан, профессор, Құқық мектебі
J.D., Нью-Йорк Университеті, АҚШ

"Мен КИМЭП Университетінің студенттерді шынайы өмірлік мәселелерді шешу дағдыларымен қамтамасыз ету тәсіліне әрқашан тәнті болдым және менің білім беру құндылықтарыммен бөлісетін оқу орнының бір бөлігі болғым келді. Сондай-ақ, КИМЭП-тің серпінді және көп қырлы академиялық қауымдастығы қызықтырды. Әртүрлі ортадан келген студенттермен және оқытушылармен жұмыс істеу мүмкіндігі ерекше құнды, өйткені мұндай ынтымақтастық жаңа идеялардың тууына ықпал етеді."

**Д-р Айшабибі Дүкенбаева**
Математика ассистант-профессоры, компьютерлік ғылымдар және математика факультеті
Математика докторы (Ph.D.), Гент Университеті, Бельгия





"КИМЭП Университеті студенттерге заманауи және өзекті білім мен дағдыларды бере тура, аналитикалық басқарушылық мәселелерін шешу кезінде теория мен практиканы біріктіре алатын қабілетті жоғары білікті маман болуға мүмкіндік береді."

**Д-р Мира Нұрмаханова,**
Бухгалтерлік есеп және Қаржы кафедрасының меңгерушісі, профессор, Бэнг атындағы бизнес факультеті
Экономика докторы (Ph.D.), Айова штатының университеті, АҚШ

"Университеттің білім берудегі батыстық көзқарасы мені осында қызмет етуге ынталандырды. Оқу процесінде практикалық сабақтар белсенді түрде қолданылады, кампуста көптеген семинарлар өткізіледі және барлық сабақтар ағылшын тілінде жүргізіледі. Студенттер, азаматтығына қарамастан, батыстық ойлау стилін көрсетіп және дәріс барысында талқылауға өте белсенді қатысады."

**Д-р Джимми Тенг,**
Саясаттану кафедрасының қауымдастырылған профессоры, әлеуметтік ғылымдар факультеті
Саясаттану ғылымдары докторы (Ph.D.), Дьюк университеті, АҚШ





"Барлық пәндерімде мен академиялық және кәсіби табысқа жеткізетін практикалық және қолданбалы дағдыларға назар аударамын. Теорияны практикамен біріктіруге тырысамын, сондықтан да әрқашан студенттерге оқуда және өзара бір-бірімен және оқытушылармен әрекеттесуде белсенді болуға, сонымен қатар алған білімдерін тәжірибеде қолдануға ұмтылуға кеңес беремін."

**Д-р Мағанат Шегебаев,**
Білім беру кафедрасының меңгерушісі және қауымдастырылған профессор, Гуманитарлық ғылымдар және білім беру факультеті
Іскерлік әкімшілік докторы, КИМЭП Университеті, Қазақстан



# АКАДЕМИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАР МЕН МАМАНДЫҚТАР

## БЭНГ АТЫНДАҒЫ БИЗНЕС ФАКУЛЬТЕТІ

kimep.kz/bang-college-of-business

**Қаржы бакалавры**
- Корпоративтік қаржы мен инвестициялар
- Қаржылық институттар және тәуекелдерді басқару

**Бухгалтерлік есеп және аудит бакалавры**
- Кәсіби бухгалтерлік есеп
- Аудит
- Салық салу

**Менеджмент бакалавры**
- Адам ресурстарын басқару
- Көшбасшылық

**Маркетинг бакалавры**
- Маркетинг коммуникациялары
- Брендинг
- Туризм және қонақ үй бизнесі

### Магистратура бағдарламалары:
- **Іскерлік әкімшілік**
- **Қаржы**
- **Бухгалтерлік есеп және аудит**
- **Маркетинг**
- **Менеджмент**
- **Басқарушы кадрларға арналған іскерлік әкімшілік**

### Докторантура бағдарламалары (PhD):
- **Бухгалтерлік есеп және аудит**
- **Қаржы**
- **Менеджмент**
- **Маркетинг**

## ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ

kimep.kz/college-of-social-sciences

**Экономика бакалавры**
- Қаржылық экономика
- Мемлекеттік саясат
- Бизнес экономикасы

**Мемлекеттік және жергілікті басқару бакалавры**
- Халықаралық даму және мемлекеттік саясат
- Қаржылық менеджмент және мемлекеттік аудит
- Басқару және құқық
- Халықаралық сауда және корпоративтік саясат

**Халықаралық қатынастар бакалавры**
- Ғаламдық қауіпсіздік және халықаралық байланыстар
- Аймақтық зерттеулер және энергетика саласындағы саясат
- Еуропалық зерттеулер

**Саясаттану бакалавры**
- Саясаттану және халықаралық қатынастар бойынша қос мамандану

**Журналистика бакалавры**
- Сандық журналистика
- Қоғамдықпен байланыстар

### Магистратура бағдарламалары:
- **Экономика**
- **Халықаралық журналистика**
- **Мемлекеттік және жергілікті әкімшілік**
- **Халықаралық қатынастар**

### Докторантура бағдарламалары (PhD):
- **Мемлекеттік басқару**
- **Экономика**

## КОМПЬЮТЕРЛІК ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ МАТЕМАТИКА ФАКУЛЬТЕТІ

kimep.kz/scsm

**Ақпараттық жүйелер бакалавры**
- Үлкен деректер аналитикасы
- Ақпараттық жүйелерді басқару

**Компьютерлік ғылым бакалавры**
- Деректерді талдау
- Бағдарламалық жасақтаманы даярлау
- Жасанды интеллект

## ҚҰҚЫҚ МЕКТЕБІ

kimep.kz/school-of-law

**Құқықтану бакалавры**

**Халықаралық құқық бакалавры**

**Халықаралық құқық магистратурасы**

## БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ

kimep.kz/college-humanities-education

**Шетел тілі : екі шетел тілі бакалавры**

**Аударма ісі бакалавры**

**Когнитивтік ғылымдар бакалавры**

**Психология бакалавры**

**Шетел тілі: екі шетел тілі магистратурасы**

**Білім беру саясаты мен басқару саласындағы магистратурасы**

**Білім беру саясаты мен басқару саласындағы докторантурасы (PhD)**

### Сонымен қатар, КИМЭП Университеті ұсынады:
- Дәреже тағайындаусыз білім алу мүмкіндіктері
- Мини-МВА
- Басқарушыларға және кәсіби мамандарға арналған курстары (сертификат берілетін және жеке курстар)
- Дайындық және тілдік бағдарламалар
- Орыс және қазақ тілдерінің қарқынды курстары

Веб-сайт

Сауалнаманы толтыру

3D-тур

Шараға тіркелу